

**DEXP**

**ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ**

**Кесектерді жоюға  
арналған машина  
DEXP COM-SC01**

# Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Біз Сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп дайындалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз, бұйымды одан әрі пайдалану кезінде, оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

## Құрылғының тағайындалуы

Кесектерді жоюға арналған машина - киімнен кесектерді алып тастауға арналған құрылғы.

## Сақтық шаралары

1. Құрылғыны судың жанында пайдаланбаңыз. Құрылғыны ванна бөлмесінде, душта, бассейнде немесе ылғалдылығы жоғары басқа үй-жайларда пайдаланбаңыз. Тіпті, құрылғы сөндірілген болса да, судың жақындығы қауіп төндіреді.
2. Келесілердің қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдардың оларды бақылайтын жағдайларын қоспағанда, құрылғы балалардың және дене, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына арналмаған.
3. Құрылғыны осы нұсқаулықта көрсетілген оның тікелей тағайындалуы бойынша ғана пайдаланыңыз.
4. Қосулы құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.
5. Тегін кепілді қызмет көрсету құқығынан айырылып қалмау үшін, құрылғыға тек түпнұсқа керек-жарақтарды ғана пайдаланыңыз.
6. Адамға киілген киімнен кесектерді алып тастамаңыз.
7. Машинаны қыжым, түкті және қылшықты маталарды, кестелерді және т.б. өңдеу үшін пайдаланбаңыз.
8. Құрылғыны тексеру немесе жөндеу үшін, тек авторландырылған сервистік орталыққа ғана жүгіну керек.
9. Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.

## Техникалық сипаттамалары

- **Модель:** COM-SC01.
- **Материал:** пластик (АБС, АС).
- **Жүзі:** тот баспайтын болат.
- **Қорек:** 2 батарея АА 1,5 В (жиынтыққа кірмейді).
- **Қорғайтын металл тор.**

## Құрылғыны пайдалану

1. Бөлік қақпағын меңзер бойынша төмен қарай тартып, батареяға арналған бөлікті ашыңыз.
2. Полярлықты сақтай отырып, "АА" өлшемді екі батареяны салыңыз.
3. Бөліктің қақпағын сырт еткізіп жабыңыз.
4. Құрылғыны қосу немесе сөндіру үшін, "Қосу/Өшіру" ауыстырғышын тиісті күйінде орнатыңыз.
5. Құрылғыны пайдаланар алдында тазартқыш беттен қорғайтын қақпақты алу қажет.
6. Тазалануы тиіс киімді жазық тегіс бетке орналастырыңыз.

**Назар аударыңыз:** матаны немесе қорғаушы торды бүлдіріп алмау үшін, машинаны киімге күш салып баспаңыз.

## Тазалау және күтім жасау

1. Мөлдір ыдысты кесектерден үнемі тазалап отырыңыз. Ыдысты алу үшін, оны бүйір жақтарынан төмен қарай тартыңыз, қайта кигізу үшін - ыдыстың артқы бөлігіндегі ойықтарды аспап корпусының ішкі бетіндегі қуыстарға салыңыз. Ыдысты жоғары қарай сырт еткенше қозғаңыз.
2. Құрылғыны ыстық заттардың жанына орналастырмаңыз.
3. Сұйық тазартқыш затта пайдалана отырып, құрылғының бетін ылғал матамен, содан кейін құрғақ матамен сүртіңіз.
4. Аспапты тазалау үшін абразивті заттарды пайдаланбаңыз.
5. Құрылғыны тек трикотаж бұйымдарын тазалау үшін ғана пайдаланыңыз.
6. Былғары бұйымдарды тазалау үшін құрылғыны пайдаланбаңыз.
7. Құрылғыны балалар жетпейтін құрғақ, салқын жерде сақтаңыз.

## **Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасымал), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары**

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітілуді қажет етпейді.
- Құрылғы қаптамада дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °С-ден 40 °С-ге дейінгі ауа температурасында және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдар, сілтілер булары) болмауға тиіс.
- Құрылғының тасымалдануы құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны өткізу ҚР қолданыстағы заңнамасына сай жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйым қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен қағидаларға сәйкес кәдеге жаратылуы тиіс. Осы бұйымның дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, қалдықтардың бақылаусыз шығарылуы нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы едәуір толық ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, тез арада авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

## Қосымша ақпарат

**Дайындаушы:** Нинбо Си & Си Индастрис Ко., Лтд.

Шығ. 14-қабат, Санлэйк Инт’л Сауда Орталығы, Жэньминь 645 тас жолы, Нинбо қ., Қытай.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «DNS KAZAKHSTAN» г. Нур-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Кеден одағы техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі».

Бұйымның сыртқы түрі мен оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Аспаптың жинақталымы алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

**Интернеттегі мекенжайы:** [www.dexp.club](http://www.dexp.club)

# EAC

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

v.1

# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинауда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес пайдаланған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 6 ай.

Келесі мекенжай бойынша сервистік орталықтардың өзекті тізімі:  
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



[www.dexp.club](http://www.dexp.club)